

ЦИТАТА ДНЯ

Торстен ТИМЕ,
ПРОГРАММНЫЙ ДИРЕКТОР
DB ENGINEERING & CONSULTING
В КАЗАХСТАНЕ:

« К НАСТОЯЩЕ-МУ МОМЕНТУ МЫ СМОГЛИ ДОБИТЬСЯ ОПРЕДЕЛЕННЫХ УСПЕХОВ В СНИЖЕНИИ СТОИМОСТИ ОБСЛУЖИВАНИЯ И УЛУЧШЕНИЯ СЕРВИСА, ЧТО, НЕСOMНЕННО, ПОЛОЖИТЕЛЬНО СКАЖЕТСЯ НА ФИНАНСОВОЙ СТАБИЛЬНОСТИ И УДОВЛЕТВОРЕННОСТИ ПАССАЖИРОВ. УЖЕ В СЛЕДУЮЩЕМ ГОДУ МЫ ПЛАНИРУЕМ ПОЛУЧИТЬ ВИДИМЫЙ ЭФФЕКТ ОТ НЕКОТОРЫХ ИЗМЕНЕНИЙ. РЕЧЬ ИДЕТ О НАЧАЛЕ ПРОЦЕССА ОБНОВЛЕНИЯ IT-ИНФРАСТРУКТУРЫ И АВТОМАТИЗАЦИИ ВНУТРЕННИХ ПРОЦЕССОВ »

АҚПАРАТ

«ТҮЙІСПЕСІЗ ЖОЛ» АЙЛЫҒЫ ӨТУДЕ

Биыл 21 қыркүйек пен 21 қазан аралығында Қазақстан теміржолының барлық жол дистанцияларында «Түйіспесіз жол жағдайы және оны күтіп ұстау» айлығы өтуде.

Айлық барысында 154-ЦЗ Ережесіне сәйкес түйіспесіз жолдардың бойынша журналды жүргізудің дұрыстығы тексерілді. Сонымен қатар түйіспесіз жол бунақтарында жол машиналарымен жұмыс жүргізу орындарына талдау жүргізіліп, олар туралы деректерді ТЖ журналына енгізу, тозығы жеткен бунақтарды жаңартатын жерлерді тексеру, жол дистанциясы бойынша дәнекерленген түйіспелер саны, телім блогына дейін ұзына бойы дәнекерлеу үшін бунақ жұптары жөнінде түйіспесіз жолдардың жиынтық талдауын жүргізу жұмыстары да осы айлықтың еншісіндегі шаруа. Түйіспесіз жол жұмысын қадағалау бунақтарды бекіткен сәттен басталады. Бүгінде барлық жол дистанциялары айлықты өз деңгейінде өткізуге атсалысуда.

– Түйіспесіз жолды пайдаланудағы мақсат – жолдың ең әлсіз және күш көп түсетін тұсы болып саналатын рельс түйіспелерінің санын мейлінше азайту немесе жою. Түйіспеліге қарағанда түйіспесіз жолдардың артықшылықтары көп. Атап айтқанда, пойыздар қозғалысында меншікті негізгі қарсылықты төмендету, сәйкесінше, тепловоздың отыны мен электр қозғалтқыш бөлігегі электр энергиясы 12-15 пайыз үнемделеді. Сонымен қатар рельс бунақтарының ақаулар бойынша жарамсыз болып қалуы 2 есеге дейін кеміп, соның арқасында жолдың жоғарғы бөлігі ұзақ уақыт қызмет көрсетуге жарамды болады. Міне, осындай және басқа да оң жақтары бойынша қызметін пайдалану үшін түйіспесіз жолдың күтіміне бағытталған айлықтар өткізіліп тұрады, – дейді «ҚТЖ» ҰК» АҚ Магистральдық желі дирекциясы филиалы директорының әкілдігінің жөніндегі орынбасары Төлеубай Кенжебеков.

Дистанциялардың бірінші басшылары «Түйіспесіз жолдар қызметін есепке алу» журналының соңғы бетінде жүргізілген тексерудің әрқайсысын белгілеп жазып отырады. Айлық қорытындысында Магистральдық желі дирекциясына жалпы жиынтық есеп беріліп, келесі жылға блокқа дейін бунақты дәнекерлеу жоспары, перерогонға дейін бунақты дәнекерлеу жоспары жасалады.

Ұлан ОРАЗ

СОТРУДНИЧЕСТВО



ЭФФЕКТ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ДВУХ ДОРОГ

На днях руководители железных дорог Республики Казахстан и Китайской Народной Республики подвели итоги совместной работы, отметили позитивную динамику в перевозках грузов и наметили планы на будущее. Только за 8 месяцев 2020 года объем перевозок грузов между двумя странами составил 14,2 миллиона тонн, что на 30% больше, чем за аналогичный период прошлого года.

Асель ШАЙХЫНОВА

20 сентября 2020 года состоялась рабочая встреча в формате видеоконференции председателя правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Сауата Мынбаева и председателя Совета директоров Китайских железных дорог Лу Дунфу. Во время встречи отмечено, что объем перевозок грузов между двумя странами демонстрирует позитивную динамику.

– За 8 месяцев 2020 года объем перевозок грузов через пограничные переходы между Китаем и Казахстаном составил 14,2 миллиона тонн, что на 30% больше, чем за аналогичный период прошлого года, – подчеркнул Лу Дунфу. По итогам 2020 года стороны ожидают объем перевозок грузов на уровне 21 миллиона тонн.

В ходе беседы сторонами отмечено, что обеспечению возрастающих объемов перевозок через пограничные переходы Достык – Алашанькоу и Алтынколь – Хоргос уделяется особое внимание.

Так, национальный перевозчик Казахстана, учитывая значимость в развитии транзитных возможностей страны, реализует проект по развитию и модернизации инфраструктуры станции Достык.

– В рамках государственной программы инфраструктурного развития «Нұрлы жол» на 2020-2025 годы предусмотрена реализация первого этапа проекта «Модернизация железнодорожного транспортного коридора Достык – Мойынты». Планируется капитальный ремонт пути, строительство ряда объектов железнодорожной инфраструктуры, в том числе вторых главных и приемо-отправочных путей на отдельных участках, – сказал Сауат Мынбаев.

Все это позволит создать беспрепятственный, ускоренный пропуск поездов через приграничные станции и нарастить объемы транзитных перевозок через территорию Казахстана. Также планируется, что реализация инфраструктурных решений благоприятно повлияет на скорость контейнерных поездов по территории

Казахстана и к 2025 году достигнет 1300-1400 километров в сутки, а перегрузочная способность станции Достык достигнет миллиона ДФЭ.

Кроме того, в ходе переговоров обсуждены и существующие временные ограничения для передвижения автотранспортных средств на пограничных автомобильных пунктах пропуска РК и КНР. С учетом сложившихся обстоятельств предложено активно применять технологию контроллерных перевозок.

В целом, в ходе переговоров стороны обсудили стратегическое взаимодействие в рамках сопряжения программы «Нұрлы жол» и инициативы «Один пояс – Один путь» и выразили уверенность, что совместное решение всех указанных вопросов и дальнейшая реализация достигнутых договоренностей позволят еще более эффективно и динамично развивать уже реализуемые проекты, а также создавать новые продукты и сервисы в сфере транспорта и логистики.

Фото Александры ЖАБЧУКА

СЕРИКТЕСТІК

СҰЙЫТЫЛҒАН ТАБИҒИ ГАЗ ТЕПЛОВОЗДА ҚОЛДАНЫЛАДЫ

Кеше «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ бас инженері Батыр Котырев пен «КазТрансГаз» АҚ-ның өншілес ұйымы «КазТрансГаз Өнімдері» ЖШС-нің бас директоры Алик Аширов газодизельді қозғалтқыштары бар тепловоздарға сұйытылған табиғи газды қолдану саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімге қол қойды.

Сұлғұл БАКЕСОВА

Құжатқа қол қоярда ел Үкіметінің 2018 жылдың 29 қарашасындағы №797 Қаулысымен бекітілген «2019-2022 жылдарға арналған моторлық отын ретінде табиғи газды пайдалануды кеңейту бойынша шаралар Жоспары» назарға алынған. Келісім дизельді қозғалтқыштары бар тепловоздарда сұйытылған табиғи газды қолдану жөніндегі жүйелерді енгізу жоспарын әзірлеуге және іске асыруға, сондай-ақ, аталған отын түріне сынақ жүргізуге және жеткізу орындарын айқындауға бағытталған шаралар кешенін қамтиды. Осы ретте, келісімді жүзеге асыру шеңберінде өзара ақпарат, ұсыныстар, идеялар мен пікірлер алмасу үшін жұмыс тобы құрылып отырғанын атап өдік.

Ұлттық компанияның бас инженері Батыр Котырев «ҚТЖ» ҰК» АҚ өз қызметінде озық технологияларды қолдана отырып, әрдайым уақыт талабына сай әрекет ететінін және де осы бағытта тек сенімді серіктестермен ынтымақтастық орнататынын атап өтті. – Сұйытылған газ, бұл үнемді, ең бастысы экологиялық таза отын және оны тепловоздарда қолдану тек оң нәтиже көрсетуі керек. Сұйытылған табиғи газды отын ретінде қолдану теміржол көлігінде технологиялық және экономикалық тиімділікті арттырудың жаңа кезеңі болып табылады. Аталған отын түрін қолдана отырып, технологияларды енгізу зиянды заттардың атмосфераға шығарылуын 40%-ке дейін азайтып, отынды пайдалануға кететін шығындарды 30%-ке дейін төмендетеді. Бұл жобаның техникалық



экономикалық бағамын жүргізу үшін және инженерлік-техникалық міндеттер кешенінің шешімін табу үшін Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының ғылыми-зерттеу ұйымдары тартылып отыр. Бұл жұмыстардың қорытындылары бойынша ел теміржолдарында технологияларды қолдану мүмкіндігіне кешенді баға берілетін болады, – деді Батыр Котырев.

Өз кезегінде, «КазТрансГаз Өнімдері» ЖШС-нің бас директоры Алик Аширов, «КазТрансГаз» АҚ-ның еліміздің көлік секторын жаңғырту және оны дизель отынынан табиғи газға ауыстыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіп жатқанын хабардар етті. Мәселен, бүгінгі таңда Алматы, Талдықорған,

Шымкент, Түркістан, Тараз, Қызылорда, Ақтөбе, Атырау қалаларының әкімдіктерімен муниципалдық техника мен әлеуметтік автобус парктерін экологиялық отынға ауыстыру туралы ынтымақтастық туралы келісімдер жасалып қойған.

Бұдан басқа, еліміздің негізгі автомагистральдарында автомобильдік газ толтыру компрессорлық станцияларының желісін, криогенді автомобильге май құю станцияларын кеңейту бойынша жобалар қолға алынып, аз тонналы зауыттарда сұйытылған табиғи газды өндіру бойынша инновациялық жобалар бастамашылық етіліп, іске асырылуда екен.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

НОВОСТИ

ПУТЬ ДЛЯ ЛЕСА

ПАО «ТрансКонтейнер» и компания «АльянсТрансТорг» при поддержке АО «KTZ Express» и ОАО «РЖД» запустили первый контейнерный поезд со станции Кемерово-Сортировочное направлением в Китай.

Контейнерный поезд с лесоматериалами впервые отправили из Кемерово (РФ) в КНР через Казахстан. Новый маршрут позволит ОАО «РЖД» увеличить объемы перевозок и расширить географию предоставляемых услуг.

Благодаря организации нового сервиса клиенты получили возможность отправлять груз с железнодорожного терминала в непосредственной близости от места производства.

Первый состав с контейнерами объемом 102 ДФЭ, груженными пиломатериалами, отправлен 18 сентября и проследовал через погранпереход Достык до китайской станции Туаньцзунь. Время в пути составило 3 суток.

В перспективе со станции Кемерово-Сортировочное ожидается отправка 2-3 регулярных контейнерных поездов в месяц. При этом перечень перевозимых грузов будет расширяться.

Аула ТЛЕУБАЕВА

ВЛИЯНИЕ ПАНДЕМИИ

За восемь месяцев текущего года из-за пандемии коронавируса объем перевозок грузов всеми видами транспорта в Казахстане сократился на 7,5% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года.

По информации Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS», объем перевозок железнодорожным транспортом достиг 267 197,36 тысячи тонн.

На 4,1% снизился за этот период по отношению к 2019 году и общий грузооборот. При этом в железнодорожной отрасли он достиг 194 075,42 миллиона тонно-километров, что почти в два раза больше показателя грузооборота в автотранспортной отрасли и в 5 раз – в авиационной.

Наиболее сильное влияние пандемия оказала на перевозку пассажиров. За восемь месяцев перевозка пассажиров всеми видами транспорта сократилась на 55%. Пассажирооборот уменьшился на 55,8% в сравнении с аналогичным периодом прошлого года. При этом по железной дороге перевезено 7 415,25 тысячи человек.

Кирилл МАКСИМОВ

ПОМОГЛИ ВЕРНУТЬСЯ ДОМОЙ

Представительство ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» в Москве оказало консультативную помощь 370 казахстанцам по вопросам возвращения на родину во время карантина.

В основном в этот период за помощью обратились студенты вузов, которые не смогли самостоятельно вернуться домой из-за закрытых в связи с пандемией коронавируса границ.

– Мы консультировали соотечественников по вариантам возвращения домой. При помощи ОАО «РЖД» и Посольства РК в России приобретены билеты на российские поезда до приграничных российских станций. В тех случаях, когда поезда были приостановлены, наших граждан отправляли автобусами, – сообщил руководитель Московского представительства Владимир Захаров.

В настоящий момент проблем, связанных с возвращением казахстанцев домой, нет. Для граждан, желающих вернуться на родину, организованы регулярные полеты репатриационных рейсов из Москвы в Алматы и столицу Казахстана.

Любовь НЕГЕМБЕЛБЕВА

ЦИФРА НОМЕРА

БОЛЕЕ

2000

РАБОЧИХ МЕСТ БУДЕТ СОЗДАНО ПРИ МОДЕРНИЗАЦИИ УЧАСТКА ДОСТЫК – АКТОГАЙ – МОЙЫНТЫ

ЖАҢАЛЫҚТАР

ШАЛҚАРЛЫҚТАР МӘСЕЛЕСІН КӨТЕРДІ



Ақтөбе ЖТ бөлімшесінің басшысы Бөріхан Беркімбаев теміржолшылар кенті атанған Шалқар өңірінен депутаттыққа түсті. Өңірдің бес теміржолшысы іріктеуалды бағдарламасымен елдегі эпидемиология байланысты әлеуметтік желі арқылы таныстырды.

«Nur Otan» партиясы атынан көшбасшылыққа үміткерлер үгіт-насихат жұмыстарын бастады. Билік партиясының белсенділер арасындағы насихат жұмыстары үшінші қазанға дейін жалғаспақ. Әр үміткер бағдарламалары арқылы өз өңірінің проблемаларын шешу жолдарын ұсынууда. Ақтөбедегі ең ірі аудандардың бірі Шалқар жұртының аманатын арқалаған Бөріхан Смағұлұлы праймериз дебатында теміржолшылар мәселесін көтерді. Соның ішінде жұмысшылардың әлеуметтік жағдайына баса назар аударған.

«Шалқардың әлеуметтік-экономикалық дамуына теміржол саласының салмағы орасан. Аудандағы бір теміржолшы екі отбасын асырап отыр. Ақтөбе теміржолшының басшысы ретінде Шалқар ауданының, оның тұрғындарының әл-ауқатын арттыруға үлес қосқым келеді. Соның ішінде, сапалы медицинаға қолжетімділікті қамтамасыз ету мен дәрі-дәрмектердің қымбаттауына тосқауыл қою, ана мен бала денсаулығына ерекше көңіл бөлу, салауатты өмір салтын орнықтыруға, бала болашағы үшін сапалы білім алуға қолыңды жағдай жасауға атсалысу – басты мақсатым», – дейді Ақтөбе ЖТ бөлімшесінің басшысы Бөріхан Беркімбаев.

Сонымен қатар, теміржолшы республикалық бюджетке депутаттық сауал жолдау арқылы табына тартылған Шалқар көлінің қалыпқа келтіруге үлес қосуды жоспарлайды. Ауыл ақсақалдарының институтын қалыптастырып, отбасылық құндылықтарды насихаттау да теміржолшы бағдарламасында бар. Жастар бастамаларына қолдау көрсетіп, кәсіпкерлікті дамытып, жұмыспен қамтамасыз етуге басымдылық таныту да назардан тыс қалмақ емес.

Ардақ ЕРҮБАЕВА, Ақтөбе
Суретті түсірген автор

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ



Түркіменстанмен шектесетін Болашақ станциясы күзгі байқау аясында қысқа дайындықтарын пысықтауда.

Бүгінгі таңда станцияның әкімшілік ғимараты шатырының 30 шаршы метрдей аумағы қайта қалпына келтірілген. Өткен жылы су өтіп, қызметкерлерді өбiгерге салған болатын. Айналасын тазалау, ақтау, сырлау сияқты эстетикалық және косметикалық жөндеу, табантежегіш башмақтарды өз ережесіне сай бояу, жанарту жұмыстары қоса қабат жүргізілуде.

Сондай-ақ, 68 метр жылу құбыры ауыстырылған. Жалпы жоспар 217 метр. Қалған бөлігіндегі құрылыс әлі де жалғасуда. Қысқа дейін оны толық аяқтау көзделіп отыр.

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау
Суретті түсірген автор

АЙЫППҰЛ ТӨЛЕУДЕ

Мұнайлы аймақта мұнай өнімдерінің тасымалдану көлемінің азаюы темір жол арқылы жүзеге асырылатын өңірдегі жүк тиеу-түсіру көлеміне әсер етпей қоймайды.

Мәселен, Құлсары станциясынан сұйытылған газ, пропан-бутан, Қарабатан станциясынан түйіршіктелген күкірт тиелген цистерналардың экспортқа мерзімді уақытта жіберілмеуі өткен 8 айда жүк жөнелту көлемінің азаюына себеп болды. Соның себебінен, әрине, вагондардың игерілмей қалуы орын алуда. Алайда, жүк жөнелтуші компаниялардың вагондарды игеруіне сәйкес, келісімшарт талабына орай олардан айыппұл өндіріліп отырады. Мысалы, биылғы жылғы 8 айда Құлсары станциясынан 3721 вагон/129447 тонна сұйытылған газ бен пропан-бутан өнімдерін, 988 вагон химикатты игермегендігі себепті «Теңізсвояйл» кәсіпорнынан 7347860 және 3662276 теңге, Теңдік станциясынан «БатысТранс Групп» ЖШС мұнай өнімдеріне тапсырыс берген 8511 вагонды игермегендігіне сәйкес 34496405, 930 вагон химикат үшін 3799110 теңге айыппұл өндірілсе, жүк жөнелтуші «Парк хранения сжиженного газа» ЖШС-нан 648 вагонды игермегендігі үшін 2676785 теңге, сол секілді Қарабатан станциясынан «Тенгизская Транспортная Компания», «Исткомтранс» ЖШС-нан да химикатқа берілген 420 вагонды игермегендігі себепті 1738710 теңге айыппұл өндірілген. «Әрине, айыппұлмен мәселе түбегейлі шешілмейді, сондықтан да біз жүк жөнелтушілермен қарым-қатынасымызды нығайтып, мұнай мен мұнай өнімдерін темір жол арқылы уақытты тасымалдауына жұмыстанып жатқарымыз» дейді Атырау жол бөлімшесінің бас инженері Бауыржан Картан.

Жүкжөнелтушілердің жүктен бас тартуына зауыттардың жөндеу жұмыстарына тұрып қалуы да ықпал еткен. Мәселен, Атырау мұнай өңдеу зауытының 16 наурыз бен 17 сәуір және 1 шілде мен 31 тамыз айларында тұтастай екі айға жоспарлы жөндеу жұмыстарына тұруы, ТПО зауытында газ тазалау қондырғысының жөндеуге тұруы мен «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» зауытында күкірт конвейерінің сынып қалуы мұнай өнімдері тасымалының кемюіне, вагондардың игерілуіне, бос қалуына себепші болды.

Қосқым МҰҚАШЕВ, Атырау

МАУСЫМ ЖҮП

АСТЫҚ ТАСЫМАЛЫ ҚЫЗЫП ТҰР

Шығыстағы теміржолшылар «солтүстік тармақ» атап көткен ұзындығы 119,7 шақырымды құрайтын Семей-Локоть тәлімінің бойындағы станциялардың жүк тиеуде елеулі айырмашылығы бар. Мұнда негізінен астық өнімдері тиеліп тасымалданады.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Құзде басталатын науқандық жұмыс көктемге дейін жалғасады. Бүгінгі күні тиелген астықтарды іргелі қалалардағы қамбаларға жөнелту бойынша жұмыс қыза бастады. Ауыл станциясы бойынша алғашқы астық тиелген вагондар өткен тамыз айында Семей қаласындағы элеваторларға жол тартқан болатын. Себебі, өңір диқандары шілде айынан бастап күздік қара бидайға орақ салған еді.

Қазіргі күні де жергілікті серіктестіктер тарапынан жүк жөнелтуге байланысты өтінімдер көптеп түсуде. Бұл ретте, жабық контейнерлермен тасымалданатын сусымалы өнімдерді уақыт оздырмай дер кезінде диттеген жерге жеткізу міндеті күн тақырыбында тұр. Сондықтан да, станцияның тауар қасасы мен пойыз құрастырушылардың еңбегі аса қауыр.

Мұндай жұмыстар Ауылға іргелес Белағаш станциясында және Шемонайка тәлімі бойынша да атқарылады. Мұнда тиелетін жүктер астық, бұршақ тұқымдас дәнді дақылдар мен күнбағыс, қарақұмық, зығыр, соя, рапс сынды сақтау мен жеткізудің өзіндік тәртібі бар сұранысы аса жоғары тауарлар қатарын құрайды.

Қазіргі таңда станция қызметкерлері күзгі комиссиялық байқау шараларына қарамастан жоспарлы ме-



жеден ауытқымай үлгерімімен еңбек етуде. Осы ретте көрсеткіш көлемі де еселеп өскен. Соңғы кезеңдегі көрсеткіш бойынша бір мезетте 15 вагонды жолға шығаруға мүмкіндік бар екендігі дәлелденді. Бүгінгі күні бір жөнелтілім бойынша 10 вагонға тапсырыс беріледі. Бұл көрсеткіштер күнбағысқа орақ түсетін алдағы қазан айында жоғарылауы мүмкін.

Желі бойындағы станциялар бойынша, бүгінгі таңда басты әріптес

«Шығыс-Астық» ЖШС кірме жолдарында қарбалас жоғары. Қырман төрінен астық қоймаларына, одан станция басына жеткізілетін ас аташы бидай белгіленген жерге қатаң күзетпен жөнелтіледі. Қазіргідей жауын-шашынсыз мерзім диқандарға да, теміржолшыларға да барынша қолайлы болып тұр.

– Станция бойынша жүк тиеу мен жеткізуде кедергі жоқ. Жабық вагондар жеткілікті. Тапшылық

туындаған жағдайда Семей станциясынан қосымша алдыра аламыз. Бұл тарапта өзекті мәселе жоқ. Осы айдың 25-ші жұлдызында өткізілетін күзгі комиссиялық байқау барысында астық тасымалындағы техникалық процестер де сарапқа салынады, – дейді Ауыл станциясының бастығы Ерганаг Төлебаев.

Айта кетерлігі, шығыстың астығы мен бұршақ тұқымдас дәнді дақылдары – алыс-жақын шетелдерге экспортталатын өнім. Мәселен, станция бастығының айтуынша, Монғолия республикасына осы өңірде өсірілетін рапс дақылын жөнелту жолға қойылған. Әсіресе майлы дақылдарға сұраныс жылдан жылға артуы себепті, тиелетін вагондар саны да көбейіп келеді. Атап айтсақ, күнбағыс – Ресейге, Тәжікстанға, Өзбекстанға және Қытайға, зығыр – Ресейге, Өзбекстанға, Австрияға, Бельгияға, Моңғолияға, Польшаға, ал рапс Ресейге, Австрияға, Иранға, Моңғолияға және Еуропа төріндегі Данияға экспортталады.

– Адағы уақытта да клиенттер тапсырысы арта түсетіні анық. Аймағымызда өндірілген ауылшаруашылық өнімдеріне алыс-жақын шетелдерден қызығушылар көп. Қазіргі күндері бөлімше бойынша ауылшаруашылығы дақылдарын сақтаушы, тасымалдаушы мекемелердің тізімдері әзірленген болатын. Сол бойынша келіссөз жүргізіліп жатыр. Нақты көрсеткіштер қазан айының аяғында мәлім болады, – дейді бұл орайда Семей ЖТ бөлімшесінің логистика және жүк тасымалын ұйымдастыру бөлімінің жауапты мамандары.

Аталған шаралар аясында аудандардағы серіктестіктер арасынан жылдағдай автокөлік тасымалынан теміржол қызметіне ауысатындар саны артады деп күтілуде.

Суретті түсірген автор

КҮЗГІ БАЙҚАУ

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ СҮЗГІДЕН ӨТУДЕ

Астана жол дистанциясында 7 қыркүйек пен 23 қазан аралығында күзгі комиссиялық байқау өткізілуде. Дистанцияда бірінші басшылардың төрағалық етуімен 5 комиссия құрылды. Олар ақауаптақыштар, механизациялау цехтарын, тәлімдерді, колонналарды тексеруде.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ

Жер төсемі, жасанды құрылыстар, жол құрылыстары мен өндірістік-техникалық ғимараттар, еңбек қорғау жағдайы да назардан тыс қалмауда. «Бірінші кезекте қысқы уақытта рельс ауыстырылған жол бөліктері, жолдың қысқы және тіке тәлімдеріндегі бұрылыстар мұқият қаралауда. Сосын қанағаттанарлық деп бағаланбаған, күрделі жөндеу жүргізу мерзімі өтіп кеткен тәлімдер тексеріледі. Сонымен қатар еңбек қорғау жағдайына, барлық өндірістік тәлімдер мен цехтарда техникалық құжаттама жүргізу тәртібіне бекітілген форма бойынша акт толтыра отырып тексеру жүргізіледі», – дейді дистанцияның бас инженері Ерғас Сыздықов.

Байқау қорытындысы бойынша әрбір айналым мен тәлімде хаттама толтырылады. Рельс тізбектерінің жағдайы, оқшауланған түйіспелердің жағдайы мен есебі журналы жүргізуге ерекше назар аударылады. Жер төсемдеріндегі инженерлік құрылыстардың жағдайына көпір шеберлері Т.Ахметов, М.Даулетшинді тарта отырып тексеру жүргізеді. Байқау кезінде қатаң есепте тұрған құрал-жабдықтардың жағдайы мен сақталуы, оларды есепке алу мен беру журналы жүргізу тәртібі де қадағаланады.

Сонымен қатар жарамсыз шпалдар мен қоссырықтардың бұтасын дер кезінде жоюды ұйымдастыру, түйіспесіз жолдарда рельс бунақтарының дұрыс бекітілуін қарау



бойынша кешенді жұмыстар жасалады. Габаритті сақтау мақсатында ескі жол үсті құрылысы материалдарын жинау, бөлу жолағы жағдайын эстетикалық кейіпке келтіру, малға қарсы қоршау салу бойынша шаралар қабылдау да маңызды жұмыстардың бірі.

Өндірістік техникалық бөлімге күзгі

байқаудың өту барысын қадағалап, әрбір сәрсенбі сайын байқау нәтижелерін шығарып отыру міндеті жүктелді. Анықталған ескертугер бойынша шаралар қабылданып, күнтізбелік кестелер жасалады және оларды жою мерзімі бекітіледі.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ҚАҢПІСІЗДІК

КӨЗЖҰМБАЙЛЫҚ ҚАТЕРГЕ ҰРЫНДЫРАДЫ

Теміржол – ыңғайлы және қолжетімді көліктердің бірі. Оны күнделікті миллиондаған адамдар пайдалануда. Өкінішке орай, темір жол көлігінің дамып, жылдамдығының өсуі жолаушылардың жолда жүру уақытын азайтып, жүктің жеткізілуін тездеткенімен, адамдарға қауіп төндіретін проблемаларды да қоса тудырауда.

Жан ПЕРДЕБЕК,
Түркістан

Әсіресе, ең басты кедергі адамдардың жауапсыздығы болып отыр. Ата-ананың бақылауын сезінбеген балалар темір жол арасын кезіп, вагондардың үстіне шығып, шойын жолды ойынға айналдырады. Оған көз жұма қараған үлкендер әрекеті теміржол бойында орын алып отырған бақытсыз оқиғаларға себеп болуда.

Теміржолшылардың айтуынша, адамдар теміржолға қатысты қауіпсіздік ережелерін сақтамайды. Арнайы аспа көрпіді пайдаланбай, асығыс айналып өте салды және балалардың теміржол маңында ой-



нап, кетіп бара жатқан пойызға тас лақтырып, жолға бөгде зат қойып, бұзақылық істерге баруына «қайтер дейсің» деген көзжұмбайлықпен қарап, жағдайды одан әрі ушықтырып отыр.

Бәрімізге белгілі, жүріп келе жатқан пойыз оқыс тежеу берсе де бірден тоқтауы мүмкін емес, пойыздың салмағына, жылдамдығына байланысты ең кемі 500-1000 метрдей жүріп барып тоқтайды. Жылдамдығы 100-120 км/сағ жүріп келе жатқан пойыз секундына 30 метр жерді жүріп өтетінін ескерсек, жолаушының жолды кесіп өтуіне 5-6 секундтай уақыт кетеді. Өкінішке орай, жас жігіттер мен бойжеткендер темір жолдан кесіп өтіп жатса да құлағынан құлаққаптарын шешпей, локомотивтің дауысын естімей, пойыздың

астына түсіп қалған оқиғалар аз емес.

Дегенмен, биыл Түркістан станциясында жыл басынан бері сегіз ай ішінде өндіріске қатысты Н-1 және Н-2 жұмысшылары арасында жолдарда ешқандай да жарақат алу оқиғасы тіркелмеген. Бұл, әрине, теміржолшылардың тынақты жұмыстарының нәтижесі деп айтуға болады. Өйткені, бүгінде жол бойын мал мен жаннан қору теміржолшылардың тағы бір міндетіне айналған сияқты. Бір қарағанда, жай тұрған вагондар қауіп төндіретін сияқты. Алайда, ереже бойынша тұрған вагонға 5 метрден кем арақашықтықта жақындауға, астынан өтуге болмайды. Өйткені станцияда тұрған әрбір вагон жұмыс үстінде деп есептеледі. Әр секундта ол қозғалысқа келуі мүмкін. Вагонның екпіннен немесе бір жеріне киімі ілініп қалса, адамды дөңгелек астына тартып әкетеді. Әсіресе қарсы бағытталған жылжымалы құрамалардың арасында қалып қою өте қауіпті екен – Өйткені, қарсы бағыттағы құрамалар тудыраған ауаның ағыны 16 тоннаны құрайды. Мұндай жүктемге адамды пойыз астына құлатып әкетеді. Сондықтан, уақытты қысқарту үшін өзіне ыңғайлы жерден өте салу дегенді қою керек халық. Теміржолды арнайы белгіленген орындардан ғана өту керек. Аспа көпірлер арқылы қауіпсіз өтуге болады. Ал ондай көпір жоқ жерде темір жолды кесіп өтуге арнайы төсемелерді пайдалану керек, – дейді Түркістан станциясының еңбек қорғау инженері Ләззат Рысбаева.

Иә, адам өмірінен қымбат не бар? Сондықтан, көзжұмбайлық қатерге ұрындырмасын десек, темір жолдың қауіпті аймақ екенін ешқашан ұмытпаған жөн.

Суретті түсірген автор

В ТРУДОВОМ РИТМЕ

ДЛЯ УСТОЙЧИВОЙ СВЯЗИ

В текущем году работники Защитинской дистанции сигнализации и связи (ШЧ-28) за летний период выполнили большой объем работ по замене кабелей парковой громкоговорящей связи, демонтажу нижних полок «воздушек», вырубке кустарников и деревьев.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Начальник участка связи ШЧ-28 Биржан Копанов рассказал, что в связи с переходом на ВОЛС в мае текущего года сделали демонтаж нижних полок воздушной линии связи (ВЛС) по участкам Серебрянка – Селезневка, Селезневка – Бухтарма. Это примерно 40 километров. Демонтаж выполнен силами работников Защитинской дистанции сигнализации и связи.

Проводится демонтаж нижних полок, так как в них больше нет необходимости – железнодорожники перешли на оптико-волоконную связь, цифровую связь ДХ-500. Верхние полки воздушной линии связи остаются, потому что по ним проходит линейная путевая связь, связь с местом работы на перегоне в случае нештатных ситуаций, для распространения сигнала между локомотивом, дежурным по станции, поездным диспетчером.

В октябре, по словам Биржана Копанова, они планируют начать демонтаж нижних полок воздушной линии связи на участке Риддер – Оскемен-1. Хотим начать со станции Риддер, дойти до



станции Тишинская, потом с Тишинской – до Черемшанки, – объяснил он. – Также в этом году мы выполнили такой демонтаж по станции Коршуново. Будем теперь идти до станции Оскемен-1. Если в этом году зима начнется раньше, то работы остановим, потому что станет невозможно возить туда работников. Продолжим в будущем году. Хочу отметить, что по Зыряновскому ходу демонтаж нижних полок воздушной линии связи уже окончен.

Помимо этого, работниками ШЧ-28 летом этого года выполнены работы по вырубке кустарников и деревьев на участке Оскемен-1 – Риддер, а именно на станции Ермаковка, перегоне Ермаковка – Огневка (это расстояние примерно 15 километров), демонтировали старое оборудование связи В3-3 в ЛАЗ на станции Серебрянка, провели в этом помещении средней ремонт.

Для улучшения парковой громкоговорящей связи в ШЧ-28 заменили кабель ПСГО по станции Серебрянка – около километра в длину. Прежний кабель был физически и морально устаревшим, его никто

не менял в течение десятков лет. Громкоговорящая связь, как известно, служит для оповещения на железной дороге при проведении маневровых работ. Также кабель ПСГО поменяли на станциях Бухтарма, Зыряновск. Сейчас такие работы ведутся по замене кабеля длиной примерно около 200 метров в районе четвертого поста станции Оскемен-1. – На станциях Ермаковка и Огневка мы заменили старый кабель поездной радиостанции РК-75, – продолжил Биржан Копанов. – Эти работы необходимы для улучшения качества радиосвязи с локомотивом, дежурным по станции, поездным диспетчером.

Это были основные виды работ, которые летом провели связисты. Помимо этого, в ШЧ-28 проходит текущий ремонт воздушной линии связи – замена траверсов, изоляторов, выправка опор. Ведется прополка травы на участках Фестивальная – Предгорная, Бухтарма – Селезневка, Огневка – Ермаковка.

Фото автора

ИНФРАСТРУКТУРА

НОВАЯ ЖИЗНЬ ВОКЗАЛА

